

Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы

«№1 О.Есімов жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

ХАТТАМА

№1 Омар Есімов атындағы жалпы орта мектебінің кітапханасында 2020 жылы қараша айында «*Оқуға құштар мектеп*» жобасы аясында «Жаңадан келіп тускен көркем әдебиетті жарнамалау» атты онлайн көрме ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларға адам өміріндегі кітаптың маңызын түсіндіру. Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру, кітапханаға оқырмандар тарту, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Кітапты күтіп ұстауға, құрметтеуге үйрете отырып, рухани тәрбие беру.

Оқушылардың көрмеден алған әсері, рухани байлықтың, рухани мәдениеттің ауадай қажеттілігі, маңыздылығы ешқашан мәнін жойған емес. Адам баласы сол байлықтың көзін «Кітап» деген құдіреттен тапқан. Ғылым мен техника, жоғары технология дамыған ХХІ ғасыр бәрінің бастау алар қайнар көзі – кітап екенін түсініп, кітапқа деген сүйіспеншілігі оянды деп білеміз.

Барысы: Кітапхананың ашық қорымен, құнды кітаптармен, кітап көрмелерімен оқырмандарды таныстыру.

Қорытынды: Мектеп ұстаздары мен әр түрлі буындағы оқушылар арасында онлайн түрінде өткізілді, әлеуметтік желілерде жарияланды.

Дайындаған: кітапханашылар Урунбаева Б, Қамбарова М.

«№1 О.Есімов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі.

ХАТТАМА

№1 Омар Есімов атындағы жалпы білім беретін мектебінің кітапханасында 2023 жылы 10 қараша күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы онкүндікке орай Кел,бірге оқиык! «20 минут оқыда, 3 минут эссе жаз» 2- 4 сыныптар арасында кітап оқу акциясы ұйымдастырылды.

Мақсаты: : Оқушыларға адам өміріндегі кітаптың маңызын түсіндіру. Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру, кітапханаға оқырмандар тарту, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Кітапты күтіп ұстауға , құрметтеуге үйрете отырып , рухани тәрбие беру.Олардың жүрегінде отансүйгіштік, ұлтжандылық, патриоттық сезімін күшейту.

Барысы: кітап оқу акциясын ұйымдастыру.

Қорытынды: Мектеп ұстаздары мен кіші буындағы оқушылар арасында өткізілді.

Дайындаған: кітапханашылар Урунбаева Б, Қамбарова М.

«№1 О.Есімов атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесі.

ХАТТАМА

№1 Омар Есімов атындағы жалпы білім беретін мектебінің кітапханасында 2023 жылы 9 қараша күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясындағы онкүндікке орай «Әжемнің ертегілері» бастауыш сынып оқушыларына ертегілер оқуды 2-4 сыныптар арасында оқу марафоны ұйымдастырылды.

Мақсаты: : Оқушыларға адам өміріндегі кітаптың маңызын түсіндіру. Оқырмандардың әдеби кітапқа құштарлығын арттыру, кітапханаға оқырмандар тарту, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру. Кітапты күтіп ұстауға, құрметтеуге үйрете отырып, рухани тәрбие беру. Олардың жүрегінде отансүйгіштік, ұлтжандылық, патриоттық сезімін күшейту.

Барысы: челлендж ұйымдастыру.

Қорытынды: Мектеп ұстаздары мен кіші буындағы оқушылар арасында өткізілді.

Дайындаған: кітапханашылар Урунбаева Б, Қамбарова М.

Түркістан облысы Келес ауданы

**«№1.О.Есімов атындағы жалпы білім беретін
мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі»**

«Үздік оқырман- 2025»

Дайындаған : Қамбарова М, Урунбаева Б

2024-2025 оқу жылы

«Түркістан»
Түркістан облыстық
Б.Алтынсарин атындағы
балалар кітапханасының
директоры
Ө.С. Қойлыбаев
2025 ж.

«БЕКІТЕМІН»
Түркістан облыстық
Б.Алтынсарин атындағы
балалар кітапханасының
директоры
Р.Е. Детаев
2025 ж.

Үздік оқырман отбасылар арасындағы «Әлемді кітап арқылы танымын»
атты облыстық байқау

Түркістан 2025ж

Аристотельден кейінгі екінші ұстаз, ғұлама, философ Әбу Насыр әл-Фарабидің туылғанына 1155 жыл

«Ұлттың ұлы кемеңгері»

/Парасаттылық сағаты/

СЦЕНАРИЙ

17.03.25ж

Абай ауылы

Мақсаты: Әл-Фарабидің философиясы мен ғылымы арқылы оқушылардың ақыл-ойын дамытып, шығармашылық және логикалық ойлау дағдыларын нығайту. Сонымен қатар оқушыларға кітапханамыздағы Әл-Фараби жайлы кітаптарды насихаттау.

Өтетін орны:

Уақыты:

Көрнекілік: Әл-Фарабидің портреті, нақыл сөздері, кітап көрмесі

Кітапханашы: Қайырлы күн! Құрметті оқырмандар, көрермендер! Аристотельден кейінгі екінші ұстаз, ғұлама, философ Әбу Насыр әл-Фарабидің туылғанына 1155 жыл толуына орай «Ұлттың ұлы кемеңгері» атты парасаттылық сағатымызға қош келдіңіздер.

Фарабтан шыққан Әбу Насыр

Әлем оны "Әбу-Насыр әл-Фараби" деп таниды. Бірақ азан шақырып қойған аты – Мұхаммед. Әкесінің есімі де сондай болған. Атасының аты – Тархан, бабасы – Ұзлақ. Сол кезде "тархан" деген әскери атақ та болды. Ал ғұламаның толық аты-жөні - Әбу-Насыр Мұхаммед Ибн Мұхаммед ибн Ұзлақ ибн Тархан Әл-Фараби.

Ұлы ойшылдың балалық және жастық шағына қатысты деректер жоқ. Дегенмен, 870 жылы Арыс өзенінің Сырдарияға құятын сағасындағы Фараб қаласында (қазіргі Түркістан облысындағы Отырар қаласының маңайында болған ортағасырлық қала) дүниеге келгені белгілі. Отырарды арабтар "Барба-Фараб" (мағынасы - "қазыналы қала", "бай қала", "көркем қала") деп атаған. Сол себепті ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни, "Фарабтан шыққан Әбу Насыр" атанып кеткен. Ал "Әбу Насыр" деген атауға қатысты бірнеше жорамал бар. Ғалымдардың пайымдауынша, Әбу Насыр "Насырдың әкесі" дегенді білдіреді, яғни әл-Фарабидің Насыр деген ұлы болған. Тағы бір жорамалға сәйкес, бұл – арабтардың ерекше құрмет белгісі. Шығыста ұстазды немесе қадірлі адамды өз атымен атамайтын дәстүр болды. Сол

Жазушы Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл

«Бердібек Соқпақбаев – балалар әдебиетінің атасы»

«Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы

/Оқырмандар конференциясы/

СЦЕНАРИЙ

04.12.24ж

Абай ауылы

Уақыты:

Өткізілетін орны:

Пайдаланатын көрнекіліктер:

Қатысушылар:

Түрі: Оқырмандар конференциясы.

Мақсаты: Қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың өмірімен шығармашылығын таныстыра отырып, оқушының кітап оқуға деген қызығушылығын дамыту. Ойлау қабілеттерін, көркем жеткізе білу дағдыларын дамыту. Елжандылыққа тәрбиелеу.

Жүргізуші: Кітап – адам баласының ақыл – ойынан туған байлықты сақтап, оны ұрпақтан – ұрпаққа жеткізіп отыратын, білім және тәрбие беретін құрал. Кітап – біздің ақылшымыз, сырласымыз, досымыз. Кітапты оқи білу, түсіну, есте сақтау қабілеттерін артырады. Ғасыр көші ілгері жылжып, тарих беттері қалыңдығымен адамзаттың кітапқа деген құрметі, пейіл – ықыласы ортаймаса керек. «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге», - деген Абай атамыз «кітап» атты құдіреттің ғажайып күшін бойына жинап, өмірлік азық етпеп пе еді?! Бүгінгі күні теледидар, компьютер, интернет үлкен рольге ие болып отырған уақытта кітап оқудың сиреп бара жатқаны ащы да болса шындық. Сондықтан, кітапты насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін пайдаланып, оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру бағытында жұмыс жүргіземіз. Соның бірі – балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың шығармашылығына арналған «Бердібек Соқпақбаев – балалар әдебиетінің атасы» атты оқырмандар конференциясы. Енді осы конференциямызды бастайық.